

**«ПАВЛОДАРЭНЕРГО»**

**Акционерлік қоғамының**

**ЖАРҒЫСЫ**

**Павлодар қ.  
2007 ж.**

**«Павлодарэнерго» АҚ  
акционерлерлерінің  
2007 жылғы «10» тамыздағы  
жалпы жиналысының шешімімен  
бекітілген**

**«ПАВЛОДАРЭНЕРГО»  
Акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

**1 бап. Жалпы ережелер**

- 1.1. **«ПАВЛОДАРЭНЕРГО»** Акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі – **Қоғам**) оның атауын, мекенжайын, оның органдарының құрылу реті мен құзыретін, қайта құрылу шарты мен қызметінің тоқтатылуын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа жағдайларды анықтайды.
- 1.2. Қоғам осы Жарғысын ҚР «Миноритарлы инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 19 ақпандағы №230-ІІІ-ЗРК Заңына сәйкес жаңа редакцияда бекітеді.
- 1.3. Қоғамның толық атауы:
  - 1) мемлекеттік тілде: **«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» Акционерлік қоғамы;**
  - 2) орыс тілінде: **Акционерное общество «ПАВЛОДАРЭНЕРГО».**
- 1.4. Қоғамның қысқартылған атауы:
  - 1) **«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ы;**
  - 2) Орыс тілінде: **АО «ПАВЛОДАРЭНЕРГО».**
- 1.5. Қоғамның мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27.

**2 бап. Қоғамның заңдық дәрежесі.**

- 2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға, ірі бизнес субъектісі болып табылады, дербес балансы, банкілік шоттары бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуына, міндеттер атқаруға, сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға бола алады.
- 2.2. Қоғамның мөрі, өзінің атауы жазылған бланкілері және қызметін іске асыруға қажетті басқа реквизиттері бар.
- 2.3. Қоғам өзінің қызметін Конституция және Қазақстан Республикасының заңнамаларын, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа ала отырып іске асырады.
- 2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.
- 2.5. Заңнамалық актілермен ескерілген тәртіпте Қоғам оның орналасқан тыс жерінде заңды тұлға емес және Қоғамның атынан немесе оның тапсырмасы бойынша олар туралы жазылған Ережелердің негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілеттіліктер) құруға құқылы.

### **3 бап. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі**

- 3.1. Қоғамға өзінің мүлкі шегіндегі міндеттер бойынша жауапкершілік жүктеледі.
- 3.2. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттеріне жауапты емес. Акционерлер Қоғамның міндеттеріне жауапты емес және оларға тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар қаупін көтереді.
- 3.3. Қоғам мемлекет міндеттеріне жауапты емес, сол сияқты мемлекет қоғамның міндеттеріне жауапты емес.

### **4 бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

- 4.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты акционерлердің мүддесі үшін кіріс кіргізу, сонымен қатар өндірісті дамыту болып табылады.
- 4.2. Қоғамның қызметінің негізгі түрлері:
- жылу және электр энергиясын өндіру және сату;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы емес басқа қызмет түрлері.
- 4.3. Қоғам қызметінің мәні әрі қарай кеңеюі немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгеруі мүмкін.
- 4.4. Аталған барлық қызмет түрлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шегінде, қажет жағдайда, Қазақстан Республикасының осыған өкілетті мемлекеттік билік және басқарма органдарында келісім, рұқсат, лицензиялар, сертификаттар алынғаннан кейін іске асырылады.

### **5 бап. Қоғамның Жарғылық капиталы**

- 5.1. Қоғамның мүлкі:
- 1) Қоғамның акцияларын төлеуге берген акционерлердің қаржысы есебінен;
  - 2) оның қызметінің нәтижесінде алынған табыс есебінен;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелмеген негіздемелер бойынша алынған басқа мүлік және ақшалар есебінен қалыптасады.
- 5.2. Қоғамның жарғылық капиталы акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының немесе сот шешімімен акцияларды шығару және орналастыру арқылы көбеюі мүмкін.
- 5.3. Қоғам өзінің қызметінің нәтижесінде пайда болған шығындарды жабу мақсатында акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысымен белгіленген мөлшерде резервтік капитал құруға құқылы.
- 5.4. Резервтік капитал Қоғамның таза пайдасынан жыл сайын аударым жасау арқылы толықтырылады. Жыл сайынғы аударымның мөлшері Қоғам акционерлерінің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысымен белгіленеді.

### **6 бап. Қоғамның акциялары және басқа құнды қағаздары**

- 6.1. Қоғам құжатсыз нысанда жай акциялар шығарады.
- 6.2. Жай акцияларды иеленушілерге осы Жарғының 8.1, 8.2.- тармақшаларында ескерілген құқықтарды іске асыру мүмкіндігі беріледі.
- 6.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденділер жыл нәтижелері бойынша төленеді.
- 6.4. Акциялардың шығару, орналастыру, айналымы, сонымен қатар олар бойынша дивиденділер төлеу процедурасы мен тәртібі жарияланған акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.
- 6.5. Қосымша қаржы тарту мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

6.6. Облигацияларды шығару және сатып алу шарттары мен тәртібі, олар бойынша сый беру (мүддесі), облигацияларды төлеу және оларды сатудан түскен қаржыны пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

### **7 бап. Таза пайданы бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивиденділер**

7.1. Қоғамның таза пайдасы (салықты және басқа бюджетке міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның билігінде қалады және акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысымен белгіленген тәртіпте бөлінеді, сол есепте дивиденділерді төлеуге.

7.2. Акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы жыл нәтижесі бойынша жай акциялардың дивиденділерін төлеудің мақсатсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

7.3. Қоғамның акциялары бойынша дивиденділерді есептеу келесі жағдайларда мүмкін емес:

1) жеке меншік капиталдың жаратымсыз мөлшерінде немесе Қоғамның жеке меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденділерді есептеудің нәтижесінде жаратымсыз болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге жарамсыз және қабілетсіз белгілерін көрсетсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивиденділерді есептеудің нәтижесінде пайда болса.

### **8 бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

8.1. Қоғамның акционері келесіге құқылы:

- 1) Дауысқа салынған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс құқығын ала отырып, Қоғамның басқаруына қатысуға;
- 2) Қоғамның таза пайдасы және акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі болса дивиденділер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, сол есепте акционерлердің жалпы жиналысымен және Қоғамның жарғысымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушысынан оның құнды қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірме алуға;
- 5) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне кандидатура ұсынуға;
- 6) сот тәртібімен Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді даулауға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныс жасауға және Қоғамға сұраныс түскен мерзімнен отыз күннің ішінде дәйектелген жауап алуға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте таратылу кезінде Қоғам мүлкінің бөлігін алуға;
- 9) ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте акцияларды және Қоғамның басқа құнды қағаздарын басым сатып алуға;
- 10) ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен ескерілген басқа әрекеттер мен құқықтарды іске асыруға.

8.2. Ірі акционер сонымен қатар келесіге құқылы:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс шақыруға немесе акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға директорлар кеңесі бас тартқан жағдайда сотқа оны шақыру туралы талап етуге;
  - 2) осы Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізу үшін ұсыныс жасауға;
  - 3) директорлар кеңесінің жиналысын шақыруды талап етуге;
  - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін өткізуді талап етуге;
- Осы тармақтың 1,2-тармақшаларымен белгіленген Акционерлердің құқықтарын шектеу мүмкін емес.

#### 8.3. Қоғамның акционері міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге;
  - 2) он күннің ішінде қоғамның тіркеушісін және осы акционердің иелігіндегі акциялардың номиналды ұстаушысын қоғамның акциялар ұстаушылары тізілімінің жүйесіне енгізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға;
  - 3) Қоғамның қызметтік, коммерциялық құпиясы болып табылатын қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;
  - 4) ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындауға.
- Қоғам және Қоғамның тіркеушісі осы тармақтың 2-тармақшасымен белгіленген талаптарды орындамағаны үшін акционердің әрекетіне жауапты емес.

### **9 бап. Қоғамның органдары**

#### 9.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган- акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) бақару органы- директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

### **10 бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы**

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Басқа жапы жиналыстар кезектен тыс жиналыстар болып табылады.

Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы қаржылық жылдың аяғында бес айдың ішінде өткізілуі тиіс. Есепті мерзімде аудитті аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

10.2. Дауыс беруші акциялардың барлығы бір акционердің иелігіндегі қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына қатысты осы Жарғы берген мәселелер жөніндегі шешімдерді мұндай акционер жеке қабылдайды және жазбаша түрде ресімделеді.

10.3. Акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының ерекше құзырына келесі мәселелер кіреді:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) кооперативтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамды өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе жою;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау немесе қоғамның орналаспаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;
- 5) қоғамның құнды қағаздарын конвертациялау тәртібі мен шартын, сонымен қатар олардың өзгеруін анықтау;
- 6) есептік комиссияның сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;

- 7) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері мен шартын анықтау;
- 8) Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 10) жылдық есептік мерзімде қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденділерді төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендінің мөлшерін бекіту;
- 11) Жарғының 7.3. тармағында ескерілген жағдайлар болған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденділерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғамның иелігіндегі барлық акциялардың жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін тапсыру арқылы басқа заңды тұлғалардың қызметіне немесе оларды құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлаудың түрін анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның акцияларды сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін өзгертуді бекіту;
- 15) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 16) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін анықтау, сол есепте, егер Қоғамның Жарғысымен мұндай тәртіп анықталмаса, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 17) «алтын акцияны» енгізу немесе жою;
- 18) Акционерлердің қоғамның қызметіне және оның лауазымдық тұлғаларына жасалған өтініштері туралы мәселелерді қарау;
- 19) Шешімдерін қабылдау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының және Қоғамның осы Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына кіретін басқа сұрақтар.

10.4. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жиналысы:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

Ерікті жойылу процессіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның жою комиссиясымен шақырылады, дайындалады және өткізіледі.

10.5. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу:

- 1) атқарушы органмен;
- 2) Жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушілерімен;
- 3) директорлар кеңесімен;
- 4) қоғамның жою комиссиясымен іске асырылады.

10.6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның органы Заңмен және осы Жарғымен белгіленген акционерлердің жалпы жылдық жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талабымен қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізіледі. Егер Қоғамның органдары Қоғамның ірі акционерінің кезектен тыс жиналыс өткізу туралы талабын орындамаса, Қоғамның ірі акционерінің талабымен қабылданған сот шешімінің негізінде Қоғамның кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылып, өткізіледі.

10.7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы ірі акционердің бастамасымен келесі тәртіпте өткізіледі:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап директорлар кеңесіне Қоғамның атқарушы органының мекенжайына жиналыстың күн тәртібі берілген хабарлама жасау арқылы қойылады.

2) Директорлар кеңесі он күннің ішінде шешім қабылдап, акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы хабарламаны талап қойған тұлғаға жолдауға міндетті. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру кезінде қойылған талаптарға сәйкес директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібіне кез келген мәселені енгізуге құқылы.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның акция ұстаушылары тізілімінің жүйесі негізінде Қоғамның тіркеушілері жасайды. Аталған тізімнің жасалу мерзімі жалпы жиналысты өткізу туралы шешімді қабылдау мерзімінен бұрын белгіленуі мүмкін емес.

10.9. Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілу мерзімі мен уақыты жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың көбі қатыса алатындай етіп белгілеу қажет.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның атқарушы органы орналасқан елдімекенде өткізілуі керек.

10.10. Акционерлер («алтын акцияның иегері») алда өткізілетін жалпы жиналыс туралы жиналыс өткізетін мерзімге дейін отыз күнтізбелік күннен кем емес, ал сырттай және аралас дауыс беру жағдайында - қырық бес күнтізбелік күннен кем емес уақытта хабарлауы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлануы тиіс немесе оларға жолдану қажет. Егер компанияның акционерлері елу акционерден аспаса, акционерге хабарлама жазбаша түрде жолданады.

10.10. тармақта белгіленген мерзім бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама жарияланған мерзімнен немесе акционерге («алтын акция» иегеріне) жазбаша түрде хабарлама жолданған мерзімнен бастап саналады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және басқа тілдерде жарияланған жағдайда 10.10. тармақта белгіленген мерзім соңғы жарияланған мерзімінен бастап саналады.

Миноритарлы акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның мазмұны «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес болу қажет.

10.12. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізу алғашқы өткізілмеген жиналыстың ертеңгі күнінен бұрын емес мерзімде сол жерде және сол күн тәртібімен өткізіледі.

10.13. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі жасайды, күн тәртібінде талқылауға шығарылатын мәселелер тізбесі толығымен нақты көрсетіледі.

10.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтырулар енгізуі мүмкін, бұл толықтырулар туралы қоғамның акционерлері жиналыстың өтетін мерзіміне дейін он бес күннен кешікпей хабарлануы тиіс, сонымен қатар күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін, ол үшін жалпы жиналысқа қатысушы және қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайызынан кем емес жиынтығын иеленуші акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көбі дауыс берулері қажет.

Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

10.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көп дауысымен бекітіледі.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдарда «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен ескерілген және осы

мәселелер бойынша дәйекті шешім қабылдануы қажет ақпарат көлемі қамтылу қажет. Материалдар акционерлердің танысуы үшін жалпы жиналыстың өтетін мерзімінен он күннен кешікпей, ал егер акционер сұраныс жасаған болса- сұраныс жасалған мерзімнен бастап үш жұмыс күнінің ішінде акционерге жолдану керек; құжаттардың көшірмесін жасауға және жеткізуге шығатын шығындарды акционер көтереді.

10.17. Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызының жиынтығын иеленуші акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері жиналысқа қатысуға тіркелген жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және шешуге құқылы.

10.18. Егер Қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан көп пайызының жиынтығын иеленуші акционерлер (немесе олардың өкілдері), сол есепте сырттай дауыс беруші акционерлер жиналысқа қатысу үшін тіркелген жағдайда Кворумның болмауы себебінен өткізілмеген жиналыстың орнына қайта өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.19. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілгенге дейін жиналысқа келген акционерлерді (немесе олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын құжатты көрсетуі қажет.

10.20. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге құқығы жоқ. Қоғамның коммерциялық құпия емес мәселелерін талқылау кезінде акционерлердің жалпы жиналысына басқа тұлғалар акционердің, директорлар кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының шақыруымен ғана қатысуы және жалпы жиналыста дауыс құқығынсыз сөз сөйлеуі мүмкін.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысы кворумның болған кезінде хабарланған уақытта ашылады.

10.22. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасы (президиумы) мен хатшысын сайлайды, ашық және жабық (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру түрін анықтайды.

10.23. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) мен хатшысын сайлау жөнінде дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылардың санының жай көп дауысымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы атқарушы органның құрамына кіретін жағдайды есепке қоспағанда, атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

10.24. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар жөнінде шешім қабылданғаннан кейін жабық деп жарияланады.

10.25. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізу жөніндегі процедуралық мәселелер бойынша бір дауыс беруді қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция- бір дауыс» принципі бойынша іске асады.

10.26. Кумулятивтік дауыс беру кезінде акция бойынша ұсынылған дауыстарды акционер директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толығымен береді немесе директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидатқа бөледі. Директорлар кеңесіне кандидат болып көп дауыс алған кандидаттар қабылданған болып танылады.

10.27. Жалпы жиналыстың келесі мәселелері бойынша шешімдер:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) басқарудың корпоративтік кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 3) Қоғамның өз еркімен қайта ұйымдастырылуы немесе жойылуы;



4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының төрттен үш бөлігінен кем емес білікті көпшілік дауыспен қабылданады.

10.28. Жалпы жиналыстың басқа мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

10.29. Дауыс беру нәтижелері бойынша акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға қол қойып, оны акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосады. Дауыс беру нәтижелерін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жиналыс үстінде жариялайды.

10.30. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі акционерлер туралы Заңмен ескерілген тәртіпте сырттай және аралас дауыс беру арқылы қабылданады.

10.31. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен ескерілген мәліметтер қамтылу қажет, сонымен қатар жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде жасалып, қол қойылу керек.

10.32. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшесі) және хатшысы;  
2) қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына ие және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қояды.

10.33. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтің толықтығы мен шынайылығына акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жауапты.

10.34. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның болмаған жағдайында хаттамаға оның өкілі сенімхаттың негізінде қол қояды. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлға қол қоюға келісім бермеген жағдайда, хаттаманың мазмұнымен келіспейтіні туралы жазбаша түсініктеме беріп, қол қоюдан бас тартуға құқылы, бұл хаттамаға қосылады.

10.35. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижелерінің хаттамасымен, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқық беретін сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша түсініктемелермен бірге тігіледі.

10.36. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі дауыс беру нәтижелері акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күннің ішінде әрбір акционерге жазбаша түрде хабарланады.

## **11 бап. Қоғамның директорлар кеңесі**

11.1. Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына Заңмен және Жарғымен берілген мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның директорлар кеңесі жасайды.

11.2. Қоғамның ерекше өкілеттігіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар шегінде акцияларды орналастыру жөнінде, сол есепте орналастырылатын акциялардың саны, орналастырудың тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алу, оның сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын- ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларды және туынды құнды қағаздарын шығару шартын анықтау;

- 7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, органның басшысын және мүшесін (атқарушы органның қызметін жеке іске асыратын тұлғаны) сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;
  - 8) атқарушы органның басқарушысының және мүшелерінің (атқарушы органның қызметін жеке іске асыратын тұлғаның) лауазымдық еңбекақысының мөлшері мен еңбекақы төлемінің шартын анықтау;
  - 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметкерлерінің еңбекақы және сыйақы төлемдерінің мөлшері мен шарты анықтау;
  - 10) корпоративті хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, сонымен қатар еңбекақы және сыйақы төлемдерінің мөлшері мен шарты анықтау;
  - 11) аудиторлық ұйымның, сонымен қатар қоғамның акцияларды төлеуге берген мүлкінің немесе ірі мәміленің заты болып табылатын мүліктің рыноктық құнын бағалаушының қызметі үшін төленетін төлемнің мөлшерін анықтау;
  - 12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін (қоғамның қызметін қайта ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдаған құжаттарды қоспағанда) құжаттарды, сол есепте қоғамның аукциондарды өткізу және құнды қағаздарға жазылу тәртібі мен шартын белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
  - 13) қоғамның филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
  - 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесін) он және одан көп пайызын сатып алуы туралы, сонымен қатар олардың қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау;
  - 15) Қоғамның жеке меншік капиталының он және одан көп пайызын құрайтын шамаға оның міндеттерін көбейту;
  - 16) қоғамның тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда басқа тіркеуші таңдау;
  - 17) Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен сақталатын басқа құпия болып табылатын ақпаратты айқындау;
  - 18) Қоғамның мүддесі үшін жасалатын ірі мәмілелер мен мәмілелер туралы шешім қабылдау;
  - 19) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына кірмейтін басқа мәселелер.
- 11.3. Осы Жарғының 11.2. тармағында белгіленген мәселелер тізбесі атқарушы органның шешуіне тапсырылмайды.
- 11.4. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының өкілеттігіне берілген мәселелер бойынша, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы шешім қабылдауға құқығы жоқ.
- 11.5. Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысымен (жалғыз акционермен), оның үш мүшесінен кем емес санымен сайланады. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір саны тәуелсіз директорлар болуы қажет.
- 11.6. Директорлар кеңесінің мүшелері:
- 1) акционерлерден – жеке тұлғалардан;
  - 2) акционерлердің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардан;
  - 3) басқа тұлғалардан сайланады (осы баптың 3 –тармағында белгіленген шектеулерді есепке ала отырып), директорлар кеңесінің мүшесі болып қоғамның акционері емес және акционердің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін.
- 11.7. Атқарушы органның басқарушысынан басқа, оның мүшелері директорлар кеңесіне сайланбайды. Атқарушы органның басқарушысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбайды.
- 11.8. Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғалар жоғары білімді және өз мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі болуы қажет.

11.9. Директорлар кеңесіне қабылданған тұлғалар бірнеше мәрте қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысында жаңа директорлар кеңесі сайланған уақытта бітеді.

11.10. Акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жеке мүшелерінің өкілетін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.

11.11. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілетін оның бастамасымен мерзімнен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне жазбаша түрде хабарлау арқылы іске асырылады. Директорлар кеңесінің бұл мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі жазбаша хабарлауды алған мезеттен бастап тоқтатылады.

11.12. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесі акционерлердің жалпы жиналысымен ұсынылған кумулятивтік дауыс беру арқылы сайланады, бұл кезде директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталған мерзіммен бір уақытта тоқтатылады.

11.13. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінен директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

11.14. Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

11.15. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын өткізеді, сонымен қатар директорлар кеңесінің қызметін басқаруға байланысты басқа қызметтерді іске асырады.

11.16. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

11.17. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының, атқарушы органның бастамасымен немесе талап бойынша шақырылады:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

11.18. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына мәжілістің күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарландыру хат жолдау арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің төрағасы жиналысты шақыруға бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті атқарушы органға өтініш жасауға құқылы.

11.19. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кеш емес уақытта директорлар кеңесінің төрағасымен немесе атқарушы органмен шақыртылуға тиіс.

11.20. Директорлар кеңесінің отырысына міндетті түрде талап қойған тұлға шақырылады.

11.21. Отырыстың күн тәртібі, мерзімі, уақыты және өткізілетін орны көрсетілген, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қосылып берілген директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарландыру хат директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің тиісті құжаттарымен есекрілген мерзімде және тәртіпте, ал «алтын акция» иелеріне отырыстың өткізу мерзіміне дейін үш күннен кеш емес уақытта жолданады.

11.22. Директорлар кеңесінің мүшесі директорлар кеңесінің отырысына қатыспайтындығы туралы атқарушы органды алдын-ала хабарлау керек.

11.23. Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем емес саны отырысқа қатысатын болса директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум қамтамасыз етілген болып есептеледі.

Міндетті түрде көпшілік компанияның директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес санымен тәуелсіз директорлар қатысуы қажет.

11.24. Егер директорлар кеңесінің жалпы саны Жарғымен белгіленген кворумды қамтамасыз етпесе, директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің жалпы жиналысының мұндай кезектен тыс шақыру туралы шешімін қабылдауға құқылы.

11.25. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа қатысқан директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінде төрағалық етіп отырған тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

11.26. Отырыста қабылданған директорлар кеңесінің шешімдерін отырыс өткізілгеннен кейінгі үш күннің ішінде төрағалық еткен тұлға және директорлар кеңесінің хатшысы хаттамамен ресімдеп, қол қояды.

11.27. Қоғамның Жарғысымен және (немесе) ішкі құжаттарымен директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы директорлар кеңесінің шешімін қабылдау мүмкіндігі ескерілуі мүмкін.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворум қамтамасыз етілген болса, сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдері жазбаша түрде ресімделіп, директорлар кеңесінің төрағасы және хатшысы қол қояды.

Ресімделген мерзімнен кейінгі жиырма бес күннің ішінде бюллетендер қосылып берілген шешім директорлар кеңесінің мүшелеріне жолданады.

11.28. Сырттай дауыс беру директорлар кеңесінің отырысын шақыруға құқығы бар тұлғаның бастамасымен жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді жүргізуге бас тартқан жағдайда – атқарушы органға) жазбаша түрде ұсынылады және мұнда дауысқа түскен нақты мәселе (мәселелер) көрсетілуі қажет.

11.29. Сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде бюллетендердің дауыс беру үшін бірыңғай үлгісі және дауысқа қойылған мәселелердің материалдары дауыс беруді өткізу туралы талап түскен күннен бастап он күннен кем емес уақытта директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жолданады.

11.30. Бюллетеннің мазмұны:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) дауыс беруді жүргізудің бастамашысы туралы мәлімет;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетендерді ұсынудың нақты соңғы мерзімі;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты мәселе (мәселелер);
- 5) «иә», «жоқ», «қалыс қалды» сөздерімен берілген дауыс берудің нұсқалары;
- 6) бюллетендерді толтыру тәртібі жөнінде түсініктемелер.

11.31. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі директорлар кеңесінің мүшелерінен түскен бюллетендер қосымша беріліп, жазбаша түрде ресімделеді.

## **12 бап. Қоғамның басқармасы**

12.1. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды коллегияльды атқарушы орган – Басқарма іске асырады. Басқарма Қоғамның басқа органдарының және лауазымдық тұлғаларының құзырына жатпайтын Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

12.2. Басқарманың сандық құрамы және өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесімен анықталады. Директорлар кеңесі басқарма басшысын және оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.

12.3 Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімін орындауға міндетті. Егер тараптардың Қоғаммен белгіленген шектеулердің барын біле отыра, бұзып жасағанын дәлелдесе, Қоғам оның басқармасы жасаған мәміленің дұрыстығын даулауға құқылы.

12.4. Қоғамның акционері емес акционерлері және қызметкерлері Басқарма мүшесі бола алады. Атқарушы органның мүшелері Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Атқарушы органның басшысы, немесе қоғамның атқарушы органының қызметін жеке іске асырушы тұлға басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы, немесе атқарушы органның қызметін жеке іске асырушы тұлға болуға құқығы жоқ.

12.5. Атқарушы органның мүшесінің қызметі, құқықтары және міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен, қоғамның осы Жарғысымен, сонымен қатар аталған тұлғаның Қоғаммен жасаған еңбек шартымен анықталады. Қоғамның атынан атқарушы органның басшысымен жасаған еңбек шартына директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған жалпы жиналыспен және директорлар кеңесімен өкілеттенген тұлға қол қояды. Атқарушы органның басқа мүшелерімен жасалған еңбек шартына атқарушы органның басшысы қол қояды.

12.6. Акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы болып табылады. Егер тараптардың Қоғаммен белгіленген шектеулердің барын біле отыра, бұзып жасағанын дәлелдесе, Қоғам оның басқармасының төрағасы жасаған мәміленің дұрыстығын даулауға құқылы.

12.7. Қоғам Басқармасының төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) сенімхатсыз Қоғамның атынан үшінші тұлғаларға қатысты әрекет жасайды;

3) Қоғамның үшінші тұлғаларға қатысты әрекетіне құқық беретін сенімхат береді;

4) Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға марапаттау шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбек ақысы және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақысына қосымша төлем мөлшерін белгілейді, Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйақының мөлшерін анықтайды.

5) өзі болмаған жағдайда орынбасарларының біріне міндеттерін орындауды жүктейді;

6) Басқарма төрағасы орынбасарларының міндеттерін, сонымен қатар олардың өкілеттігі мен жауапкершіліктерін бөледі.

7) Қоғамның Жарғысымен, акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа қызметтерді атқарады.

12.8. Басқарма төрағасы және мүшелері Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесі үшін қызмет жасауға тиіс, және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың әрекетінен (әрекетсіздігінен) келген зияны үшін Қоғам алдында жауапкершілік тартады.

### **13 бап. Ішкі аудит қызметі**

13.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау мақсатында ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

13.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына қабылданбайды.

13.3. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесіне тура бағынады және өзінің жұмысы туралы есеп береді.

## **14 бап. Қоғамның лауазымдық тұлғалары қызметінің принциптері**

14.1. Қоғамның лауазымдық тұлғалары:

- 1) өзіне жүктелген міндеттерді ұқыпты орындайды және қоғам мен акционерлердің мүддесі үшін пайдалы тәсілдерді қолданады;
- 2) қоғамның мүлкін пайдаланбайды немесе Қоғамның Жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сонымен қатар жеке мүддесі үшін және өзінің аффилиир тұлғаларымен мәміле жасау кезінде оның пайдалануына жол бермейді;
- 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса отырып, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылайды;
- 5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың, сол есепте, егер қоғамның ішкі құжаттарымен басқадай белгіленбесе, қоғамдағы қызметі аяқталған мерзімнен кейінгі үш жыл бойы құпиялылығын сақтайды.

14.2. Қоғамның лауазымдық тұлғалары олардың әрекетінен (әрекетсіздігінен) келген зияны үшін, сол есепте келесі әрекеттердің нәтижесінен болған шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қоғамның және акционерлердің алдында жауапқа тартылады:

- 1) жаңылуға әкелетін немесе біле тұра жалған ақпарат берудің нәтижесінде;
- 2) осы Заңмен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзудың нәтижесінде.

14.3. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қоғам лауазымдық тұлғаның Қоғамға келтірген зиянының немесе шығынының орнын толтыру жөнінде сотқа талап жасауға хақылы.

14.4. Қоғамға немесе акционерге шығын әкелген Қоғамның органымен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда Қоғамның лауазымдық тұлғалары міндеттерден босатылады.

## **15 бап. Қоғамның аффилирленген тұлғалары**

15.1. Қоғамның аффилирленген тұлғалары:

- 1) ірі акционер;
- 2) қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда, ірі акционер немесе лауазымдық тұлға болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыстық қатынаста, некеде тұрған (ата-анасы, ағасы, әпкесі-қарындасы (сіңлісі), ұлы, қызы), сонымен қатар жай туыстық қатынаста (зайыбының ағасы, әпкесі-қарындасы-сіңлісі, ұлы немесе қызы) тұрған жеке тұлға;
- 3) тәуелсіз директорды қоспағанда, осы тармақтың 1),4),9) тармақшаларында көрсетілген қоғамның немесе заңды тұлғаның лауазымдық тұлғасы;
- 4) ірі акционермен немесе қоғамның лауазымдық тұлғасымен бақыланатын заңды тұлға;
- 5) ол үшін қоғамның лауазымдық тұлғасы, ірі акционер болып табылатын немесе мүліктің тиісті үлесіне құқығы бар заңды тұлға;
- 6) ол үшін Қоғам ірі акционер болып табылатын немесе мүліктің тиісті үлесіне құқығы бар заңды тұлға;
- 7) Қоғаммен бірге үшінші тұлғаның бақылауында тұрған заңды тұлға;
- 8) Қоғаммен шартқа отырған және бұл шартқа сәйкес Қоғамның шешімдерін айқындауға құқылы тұлға;
- 9) өздігінен немесе өзінің аффилирленген тұлғаларымен бірлесе отырып, осы тармақтың 1),4), 8) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың немесе қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына иелік ететін, пайдаланатын тұлға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын басқа тұлға.

15.2. Қоғаммен немесе басқа заңды тұлғамен қабылданатын шешімдерді анықтау мүмкіндігі Қоғамды немесе басқа заңды тұлғаны бақылау болып табылады.

15.3. Аффилиирленген емес тұлғалар:

1) коммерциялық емес немесе кредиттік бюроның ірі акционері (қатысушысы) болып табылатын тұлға;

2) қабылетсіз немесе қабылеттігі шектеулі тұлғалар.

15.4. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпиядан тұратын ақпарат емес.

15.5. Қоғам тіркеушінің немесе осы тұлғалар берген мәліметтің негізінде өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті. Ірі акционер болып табылатын тұлғаларға есеп жүргізу өкілетті органмен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

15.6. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлік пайда болған күннен бастап жеті күннің ішінде қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет беруге міндетті.

15.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен немесе өкілетті органның регламентімен белгіленген тәртіпте өкілетті органға қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін беруге міндетті.

## **16 бап. Қоғамның акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

16.1. Қоғам өзінің акционерлеріне Қоғамның мүддесіне қатысты, оның қызметі туралы мәлімет береді.

16.2. Қоғамның мүддесіне қатысты ақпарат:

1) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпарат;

2) Қоғамның акцияларды және басқа құнды қағаздарды шығаруы және қоғамның құнды қағаздарын орналастыру нәтижелері туралы есептің, қоғамның құнды қағаздарын жою нәтижелері туралы есепті, Қоғамның құнды қағаздарының өкілетті органмен жоюын өкілетті органмен бекітілуі.

3) Қоғамның ірі мәмілелер жасауы және қоғамның мүддесі үшін мәмілелер жасалуы;

4) Қоғамның жеке меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

5) Қоғамның қандай бір қызмет түрін іске асыру үшін лицензия алуы, қоғамның қандай бір қызмет түрін іске асыру үшін бұрын алған лицензиясының күшінің тоқтатылуы немесе жойылуы;

6) Қоғамның заңды тұлғаның құрылуына қатысуы;

7) Қоғамның мүлкін қамау;

8) Баланстық құны Қоғамның активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құраған, Қоғамның мүлкін жойған төтенше жағдайлардың басталуы;

9) Қоғамды және оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) Қоғамды еріксіз қайта ұйымдастыру туралы шешім.

16.3. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жасайды. Акционердің өтініші тіркелуге тиісті. Қоғамның акционеріне ақпарат қысқаша хабарламалар жолдау арқылы ұсынылады. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Қоғамның қызметіне қатысты құжаттардың көшірмесін беруге міндетті, бұл кезде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа құпиялардан тұратын ақпаратты алуға шек қойылуы мүмкін. Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын құжаттар тізбесі Қоғамның директорлар кеңесімен анықталады. Ақпарат пен құжаттардың көшірмесі акционерге өтініш жасалған күннен кейінгі он күннің ішінде беріледі.

Қоғамның құнды қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымының және конвертациялаудың жеке мәселелерін регламенттейтін, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа құпиялардан тұратын құжаттар танысу үшін акционердің талабы бойынша беріледі.

16.4. Құжаттардың көшірмесін ұсыну үшін төлем мөлшері Қоғаммен белгіленеді және ол акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығынның төлемінен және құжаттардың көшірмесін жасауға шыққан шығындардың құнынан аспауы керек.

### **17 бап. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы**

17.1. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы Азаматтық кодекске, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес қосылу, қосып жіберу, бөліну, бөлініп шығу және өзгеру түрінде іске асырылуы мүмкін.

17.2. Қоғам акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының шешімімен, ал бөлу немесе бөлініп шығу арқылы еріксіз қайта ұйымдастыру жағдайында – сот шешімімен қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

17.3. Қоғамның бөлу немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде Қоғамның кредиторлары міндеттердің мерзімнен бұрын тоқтатылуын және шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

17.4. Егер бөлу немесе бөліп шығару түрінде сот шешімі бойынша еріксіз қайта ұйымдастыруды жүргізуге өкілетті Қоғамның органдары қайта ұйымдастыруды мерзімінде іске асырмаса, сот біліктілік талаптарға сәйкес келетін сенімді басқарушыны тағайындайды және оған қайта ұйымдастыруды іске асыруды тапсырады.

17.5. Қосылу, қосып жібереру, бөлу жолымен қайта ұйымдастыру кезінде Қоғам өзінің қызметін тоқтатады, және оның акцияларының шығарылымы Қазақстан Республикасының құнды қағаздар туралы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуға жатады.

### **18 бап. Қоғамның таратылуы**

18.1. Қоғамның өз еркімен таратылуы туралы шешім акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысымен қабылданады, бұл шешім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кредиторлармен келісім бойынша және олардың бақылауымен тарату процедурасын анықтайды.

18.2. Қоғамның еріксіз таратылуы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен ескерілген жағдайларда іске асырылады. Бұл кезде, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқа жағдайлар ескерілмесе, Қоғамды тарату туралы талап оған мүдделі тұлғалармен қойылуы мүмкін.

18.3. Сот немесе Қоғамды тарату туралы жалпы жиналыстың шешімімен тарату кезінде Қоғамды басқаруға және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде анықталған әрекеттерді жасауға өкілеті бар тарату комиссиясы тағайындалады.

18.4. Өз еркімен таратылу кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғамның кредиторларының, ірі акционерлердің өкілдері, сонымен қатар акционерлерден (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының шешіміне сәйкес келетін басқа тұлғалар енгізілуі тиіс.

18.5. Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

18.6. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, сол есепте орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының құнды қағаздар туралы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуға жатады.



18.7. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Қоғамның мүлкі тарату комиссиясымен акционерлер арасында келесі кезекпен бөлінеді:

- 1) бірінші кезекте – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алуға жататын акциялар бойынша төлемдер;
- 2) екінші кезекте- жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген төлемдер;
- 3) үшінші кезекте- жай акциялардың құнын өтеу.

Қалған мүлік барлық акция иелерінің арасында оларға тиесілі акциялардың санына тең мөлшерде бөлінеді.

18.8. Әрбір кезекті орындау туралы талап алдыңғы кезектегі талаптар толық қанағаттандаралғаннан кейін орындалады.

## **19 бап. Қорытынды ережелер**

19.1. Осы Жарғымен реттелмеген жағдайларда Қоғам қолданыстағы заңнаманы және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріді басшылыққа алады.

19.2. Осы Жарғы заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

**«Павлодарэнерго» АҚ акционерлерінің атынан**

**«Павлодарэнерго» АҚ  
басқарма төрағасы**

**А. И. Дука**

**УСТАВ**  
**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА**  
**«ПАВЛОДАРЭНЕРГО»**

**г. Павлодар**  
**2007г.**

Утвержден  
решением общего собрания  
акционеров  
АО «ПАВЛОДАРЭНЕРГО»  
от « 10 » августа 2007 г.

## **У С Т А В**

### **Акционерного общества «ПАВЛОДАРЭНЕРГО»**

#### **Статья 1. Общие положения**

1.1. Настоящий Устав Акционерного общества «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» (далее – **Общество**) определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.2. Общество утверждает свой Устав в новой редакции в связи с приведением его в соответствие с Законом РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав миноритарных инвесторов» от 19.02.2007 г. № 230-III-ЗРК.

1.3. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» Акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке: Акционерное Общество «ПАВЛОДАРЭНЕРГО».

1.4. Сокращенное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АК-ы;
- 2) на русском языке: АО «ПАВЛОДАРЭНЕРГО».

1.5. Место нахождения Общества: Республика Казахстан, 140000, Павлодарская область, г. Павлодар, ул. Кривенко, 27.

#### **Статья 2. Юридический статус Общества**

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, субъектом крупного бизнеса, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде.

2.2. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

2.4. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц на территории Республики Казахстан.

2.5. В порядке, предусмотренном законодательными актами, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

#### **Статья 3. Ответственность Общества и акционеров**

3.1. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

3.2. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций.

3.3. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его обязательствам.

#### **Статья 4. Основные виды деятельности Общества**

